

**Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің 2020-2021 оқу жылындағы
«Адалдық сағатының» өтілуі туралы мәлімет**

Жарөткел НОББ мектебінде «Адал ұрпақ» еріктілер клубының ұйымдастыруымен түрлі шаралар өтті. Жоғары 5-9 сынып оқушылар арасында «Адалдық сағаты» ұйымдастырылды.





«Адал ұрпақ» клубының жетекшісі:

Ж.Алдиярова

Ел ертеңі - адал ұрпақ

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында өткен тоқсанның қорытындысы бойынша мектебімізде «Парасатты азамат» бұрышы шығарылып, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, сенім телефоны орнатылып өз жұмысын атқаруда. Ата-аналар жиналысында мектеп ұжымы мен қызметкерлеріне құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылықтарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу керектігі түсіндірілді. Оқушылар арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында сурет көрмесі өтсе, 10 сыныпта «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаты, мектептің жоғары сынып оқушыларына «Жемқорлық-қоғамның жегі құрты» тақырыбында пікірталас, мектептің ұстаздарымен қызметкерлеріне блиц-сауалнама жүргізілді. Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі мұғалім кіші мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларды халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату, әрбір оқушы бойында ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілділік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуге тиіс.

Халқымызда «Жас кезінде білім берсең қалайда, Өсе келе қолы жетер талайға», – деген даналық сөз бар. Бала болашағы – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, халықтың, тұтас бір ұлттың бүгінін ертеңімен жалғайтын алтын көпір, асыл мұраты. Сондықтан ұстаз алдындағы әр шәкірт ата-ананың ғана емес, туған елінің ертеңгі арқасүйер азаматы - адал ұрпағы, өз ұлтының туын көтерер перзенті екенін ұмытпайық.

**Жараткел негізгі орта білім беретін мектебінің 2020-2021 оқу жылындағы
«Адал ұрпақ» клубының есебі**

Мектепе адал ұрпақ клубы жұмыс жасайды. Оның құрамында 5-сыныптан Жақсылық Айқын, Жақсылық Әнел, Маратқызы Жансая, 6-сыныптан Әбдіжамиев Нұрсен, Ұланұлы Ерасыл, Бакыткелдіұлы Әлішер, 7-сыныптан Марат Мақсат, Мұқанбетқалиқызы Айсұлу, 9-сыныптан Әкімбаев Азат, Ардана Тілекжан, Бакытқалиұлы Ермұрат, Алтынбекқызы Кәмшатты алдым. Жыл басында жоспар құрылып, бекітілді. Мектепте парасат бұрышы бар. Адал ұрпақ клубының мақсаты: Жас балаларға сыбайлас рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру. Қыркүйекте ел ертені – адал ұрпақ сыныптан тыс шара ұйымдастырым, қазан айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дөңгелек үстел өткіздім, қараша айында 7,8,9-сыныптарға «Әлемдік тәртіп» пікірталас өткіздім, Тәуелсіздік қарсанында «Адалдық сағатын» өткіздім. Адалдық дүкенінде оқушыларға керекті оқу-құралдар қойылған.

Адал ұрпақ клуб жетекшісі:



—Алдиярова Ж.А